

Түркістан қаласында мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындардың тізбесін бекіту туралы

Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 383 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 5 қазанда № 6369-13 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Жарнама туралы" Заңының 17 – 2 бабы 1 - тармағының 1-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Түркістан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Түркістан қаласында мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Түркістан қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н. Турашбеков

Түркістан қаласының әкімдігі
2023 жылғы 4 қазандағы
№ 383 қаулысымен бекітілген

Түркістан қаласында мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындардың тізбесі

№	Мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындардың тізбесі
1	2
Түркістан қаласы	
1	Б.Саттарханов даңғылы, Түркістан облысы әкімдігі, Түркістан облысы мәдениет және туризм басқармасының "Түркістан музыкалық-драма театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының сол жағында;
2	Б.Батырбекова көшесі, 13А үй, Түркістан облысы әкімдігі Түркістан облысы мәдениет және туризм басқармасының "Түркістан облыстық "Фараб" әмбебап ғылыми кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында;

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК